

Ақмола облысы аумағында жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдауға тарифті белгілеу туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2023 жылғы 30 мамырдағы № А-6/205 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 31 мамырда № 8578-03 болып тіркелді

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 4 және 5-тармақтарына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысы аумағында жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тұрақты ауданаралық (облысшілік қалааралық) тасымалдау тарифі 1 (бір) километрге 9 (тоғыз) теңге мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

Е. Маржипаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Ақмола облыстық мәслихаты